КОПИЯ/КӨШІРМЕ

№7119-24-00-2/10825

ҰЙҒАРЫМ

2024 жылғы 27 қараша Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ч.Абенова, талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК жауапкер ЖК «СЕИЛБЕК НҰРСҰЛТАН» атынан Ибрагимова Зарина Абдурашидовна, «ANC company» ЖШС-н мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы бойынша,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 235-бабы 2-тармағына сәйкес, сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзете алады.

2024 жылы 02 қыркүйектегі сот шешімінің қарар бөлігінде қате жіберілген, яғни, жауапкердің аты «СЕИЛБЕК НУРСУЛТАН» болып жазылып кеткен, дұрысы «СЕИЛБЕК НҰРСҰЛТАН».

ҚР АПК 268,269 баптарын басшылыққа ала отырып, Сот

ҰЙҒАРДЫ:

Сот шешіміндегі ЖК «СЕИЛБЕК НУРСУЛТАН» сөзі ЖК «СЕИЛБЕК НҰРСҰЛТАН» сөзіне ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының АПК-нің талаптарын сақтай отырып Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына ұйғарым түпкілікті нысанда жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ұйғарымға тараптармен жеке шағым берілуі немесе прокурормен өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Абенова А.Ч.

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 27.11.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылы 02 қыркүйек №7119-24-00-2/10825 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы А.Ч.Абенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК

ЖАУАПКЕР:
ЖК «СЕИЛБЕК НУРСУЛТАН» атынан Ибрагимова Зарина Абдурашидовна «ANC company» ЖШС

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-4, 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК жауапкер ЖК «СЕИЛБЕК НУРСУЛТАН» атынан Ибрагимова Зарина Абдурашидовна, «ANC company» ЖШС-н мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «СЕИЛБЕК НУРСУЛТАН» атынан Ибрагимова Зарина Абдурашидовна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «СЕИЛБЕК НУРСУЛТАН» атынан Ибрагимова Зарина Абдурашидовнадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«ANC company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 02.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.10.2024, судья Абенова А. Ч., 11.10.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«ANC company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **А.Ч.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 02.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.10.2024, судья Абенова А. Ч., 11.10.2024

7119-24-3-1/10128